

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## «Ойна да ойлан» «4-ке дейін тура және кері санау»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
27.01.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/90781/>**Сабақтың тақырыбы:** «4- ке дейінгі сандарды тура және кері санау»**Сабақтың мақсаты:** Балаларды тура және кері санауға үйрету, санамақ санауға үйрету.**Көрнекілігі:** 1-ден 4 дейінгі сандар,

1,2,3,4, көбелек, 1,2,3,4 гүл

**Әдіс-тәсілдері:** Көрсету, санау, үйрету.**Сабақтың барысы:**

— Балалар бүгін аптаның нешінші, қай күні?

— Екінші.

— Қазақша екінші күнді «Сейсенбі» деп атаймыз. Солай ма, балалар!

— Иә.

— Бүгінгі математика сабағында 1-ден 4-ке дейінгі сандарды тура және кері санауды одан әрі, тереңдете үйренеміз. Кәне барлығымыз 1,2,3,4 деп тура және кері санаймыз. Тақтаға қараңдаршы.

1,2,3,4 және 4,3,2,1

— Кәне, кім тура санай алады?

**Рамазан:** 1,2,3,4

— Кәне, кім кері санай алады?

**Назгүл:** 4,3,2,1.

—Өте жақсы.

*Барлығымыз санамақ айтайық.*

*Бір дегенім- білеу,*

*Екі дегенім-егеу,*

*Үш дегенім-үскі,*

*Төрт дегенім төсек.*

*Тура және кері санауды бірнеше ретқайталау.*

- Жеке-жеке сұрау

*Сергіту сәті: 4 көбелек, 4 гүл, санату.*

*Қанат жаям жалма-жан*

*Талпынғандай ұшуға*

*Иіліп келіп, қол созам,*

*Аяғымның ұшына.*

— Өте жақсы. «Көршілес санды тап» деген ойынды ойнаймыз.

Тақтаға қараңдаршы.

1		3	
---	--	---	--

	2		4
--	---	--	---

- Жеке-жеке жұмыс жасау.
- Қорытындылау.
- Мадақтау. Рамазан, Ақжарқын, Назгүл, т.б

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.